

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Энергетика мамандығының маңыздылығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.12.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/128163/>

Энергетик мамандығы XIX ғасырда алғашқы электр станциясының құрылысынан кейін пайда болды. Бұл станция күрделі қондырғылар жүйесін құрад және оның жұмыс істеуі үшін білікті маман қажет етілді. Бұл маман — энергетик болды.

Энергетик — электр желілерін жобалаумен және монтаждаумен, сондай-ақ олардың жұмысын бақылаумен және жөндеумен айналысатын маман. Бұл мамандық әлемдегі ең қауіпті мамандықтардың бірі болып саналады, өйткені қызметкер күн сайын электр тогының соғу қаупіне тап болады, ал оның салдары өте қайғылы.

Энергетик мамандығы күрделі және көп құрылымды болып табылады. Осы саладағы маман қажетті есептеулерді орындау үшін математикалық ойлау қабілетіне ие болуы керек, сонымен қатар мұнда тек орындалатын әрекетке назар аудару мүмкіндігі қажет. Бұл жұмыс өте ауыр: кішкене бір жіберілген салғырттық қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. Энергетик — бұл шешім қабылдауға және олар үшін жауап беруге қабілетті маман.

Энергетиктің екі біліктілік деңгейі бар: орта техникалық білімі бар маман және жоғары білімі туралы дипломы бар инженер-энергетик. Екі мамандандыру да бір-біріне ұқсас, бірақ жұмысшылардың міндеттерінің тізімі әр түрлі.

Энергетиктің міндеттеріне мыналар кіреді:

- электр желілерін жобалау, монтаждау және қызмет көрсету;
- бөлмедегі жылу желілерін жобалау;
- монтаждау үшін жабдықты сатып алу және жаңғырту;
- электр желілері мен жылу жабдықтарын пайдалануға беру.

Инженер-энергетиктің міндеттері орта деңгейдегі маманмен бірдей, бірақ сонымен бірге ол олардың сызбаларымен, энергияны тұтыну нормаларын әзірлеумен, өндіріске жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгізу туралы шешім қабылдаумен айналысады.

Энергетик мамандығының артықшылықтарының арасында атап өткен жөн:

сұраныс, энергетик мамандардың бірегейлігі, мамандықтың әлеуметтік маңызы.

Энергетика көптеген ірі кәсіпорындарда қажет, мұнда осы салада білікті маман табу өте маңызды. Жауапкершілік пен қауіптің жоғары деңгейіне байланысты бұл салада оқуға және жұмыс істеуге бел буғандар аз. Қазіргі қоғам энергия мен жылусыз өмір сүре алмайды.

Энергетик — электр желілерін жобалаумен және монтаждаумен, сондай-ақ олардың жұмысын бақылаумен және жөндеумен айналысатын маман.

Энергетик мамандығының маңызды кемшіліктері бар, олардың ішінде:

— қызметкердің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді. Жылу және электр жабдықтарымен жұмыс істеу өндірістік жарақат алу қаупін арттырады, бұл өлімге әкелуі мүмкін.

— қызметкерлерді әртүрлі қалаларға бөлу.

Энергетикада жұмыс істеу үшін арнайы орта білім де, жоғары білім де алуға болады. Ол үшін қажетті мамандандыруды таңдау керек. Жоғары кәсіптік білім туралы диплом инженер-энергетик біліктілігін алуға мүмкіндік береді. Маңғыстау өңіріндегі электр энергетикасы, жылу энергетикасы мамандықтарымен қамтылған, осы мамандықтар бойынша білім алушыларға білім беретін жалғыз университет – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Yessenov University) болып табылады. Университет кәсіпорындармен, мекемелермен тығыз байланыста. Білімалушылар өндірістік тәжірибелерін мекемелерде жүргізіледі. Соның бірі — «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» болып табылады. «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» мен университет арасында меморандумға қол қойылған және қазіргі таңда университет филиалы мекемеде жұмыс істеуде. Білімалушылар кәсіби пәндері осы мекеме ішінде жүргізіледі. Дәріс беруші, тәжірибелік сабақ жүргізушілері де осы мекеме тарапынан тағайындалған білікті мамандар болып табылады.

Энергетика саласындағы кәсіпқой болу үшін жоғары оқу орындарында мамандықтардың бірін таңдау қажет: жылу энергетикасы және жылу техникасы, электрмен жабдықтау, электр энергетикасы және электротехника. Осы бағыттар бойынша оқытуды басқа да алдыңғы қатарлы университеттер де ұсынады.

Энергетик мамандығы күрделі болып келеді. Кез келген түлек осы қызмет саласын таңдауға шешім қабылдай бермейді, сондықтан осы саладағы мамандар еңбек нарығында сұранысқа ие. Жылу және электр энергиясы өмірдің барлық салаларында кеңінен қолданылады, сондықтан бұл мамандық Қазақстанда да, әлемде де қажет етіледі. Энергетик мамандарысыз жайлы өмірді елестету мүмкін емес.

Бусурманова Эсемгул Изтургановна, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің аға оқытушысы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.